

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

МАЗМУНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС/PLENARY SESSION		
1	Ибраимов Х. И. Международный опыт и инновационные методики подготовки будущих учителей к эффективной профессиональной деятельности	3
2	Doğan M. Artificial intelligence in higher education: between opportunity and risk	6
3	Оспанова Б.К. Инклюзивті білім беру: тұлға дамуының факторы ретінде	10
1 секция: Педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері 1 секция: Глобальные тренды педагогического образования и науки 1-section: Global trends in pedagogical education and science		
4	Тұрғынбаева Б.А. Ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау: жағдайы, мүмкіндіктері, мәселелері	15
5	Вахидова Л.В. Образовательная среда как пространство профессионального развития будущего педагога	19
6	Мардонов Ш.К. Подготовка высококвалифицированных специалистов в сфере образования	23
7	Набиулина Н.Г., Фазлыева А.Ф. Формирование социальной компетентности будущих специалистов психолого-педагогического профиля в процессе профессиональной подготовки	27
8	Жиенбаева С.Н., Азербает Д.Н. Болашақ эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруды зерттеу тәсілдемелерін талдау..	31
9	Жиенбаева С.Н., Мукажанов Н.К. Университет түлектерінің кәсіби ортаға бейімделуін құзыреттілік тұғыры негізінде ұйымдастыру	36
10	Ахатова Д.А. Педагогика ғылымы, оның дамуы және заманауи салалары	40
11	Аликулова А.Б. Эксперимент барысында мектепке дейінгі балалардың зерттеу дағдыларын дамыту жолдары мен ерекшеліктері	45
12	Джаббаров Ш.Х. Развитие профессиональных компетенций у будущих специалистов авиации как глобальный тренд педагогики	49
13	Жаббаров З.Р. Взаимосвязь между мотивацией обучающихся и качеством образования с учётом глобальных трендов в педагогической науке	52
14	Касымбекова А.Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	57
15	Медетова Р.М. Подготовка будущих учителей как глобальный тренд педагогической науки	61
16	Пирматов С. Развитие визуальной культуры у студентов как глобальный тренд педагогической науки	64

17	Садикова Ш.А. Международный опыт и применение инновационных методик для социализации детей дошкольного возраста	67
18	Табишев Т.А. Компетентностно-квалификационная модель выпускника вуза: тренды и инновации (российский и международный опыт)	70
19	Тожибоева Х.М. Формирование у подростков иммунитета против «массовой культуры» на основе гендерного подхода как глобальный тренд педагогической науки	75
20	Шохиён Н.Н., Джафарзода С.Ф. Об актуальности разработки учебника: «Педагогика успеха и творческое управление временем в контексте внедрение цифровых технологии в Вузе»	79
21	Khasanova Sh.T, Rahimova U.A. The role of educators in teaching children visual arts activities	83
22	Аубакирова Ж.К. Данияр Ш.Д. Шетелдік студенттердің жоғары оқу орнына әлеуметтік-психологиялық бейімделуін анықтайтын заманауи әдіс-тәсілдер	86
23	Алимбетова Р.В. Инновационные технологии на уроках русского языка: современные подходы и глобальные научные тренды	90
24	Байсарина С.С., Жумадилова А.Н. Жаһандану жағдайындағы білім беру жүйесінің инновациялық интеграциясы	94
25	Нуркасымова С.Н., Нұрланқызы Г. Білім алушылардың физика пәнінен шығармашылық қабілеттерін арттыру	99
26	Садыкова Д.А., Оралбекова К. Р. Нейропедагогика және когнитивтік ғылым негізіндегі оқыту әдістерінің дамуы: қазіргі халықаралық тәжірибе	103
27	Паштанов С.У., Ахмаджанова Д.С. Болашақ мұғалімдерді даярлауда жаттығуларды қолдану	108
28	Zhalelova G.M., Khamzina Z.B., Albekova A.Sh. On the methodological aspects of teaching professional english in agricultural universities (<i>with an Emphasis on the Use of AI.</i>)	112
29	Анорбоев А.А. Стратегии трансформации воспитательного процесса в учреждениях общего среднего образования на основе национальных и международных подходов	117
30	Zhaukina S. Environmental awareness of future teachers	121
31	Tokashova G.Zh. Pedagogical and psychological aspects of supporting academic mobility	126
32	Бободжонова М.М. Развитие навыков аналитического чтения у студентов экономических специальностей при работе со специализированными текстами	130
33	Бобоев Х.Ю. Сущность идеологического иммунитета к идейно-информационным атакам в педагогическом образовании	135
34	Зулпукарова Д. И., Жакыпбекова А.Т. Сманова Н.Т.	139

	Электронный учебник как ключевой элемент образования	
35	Норбутаева Д.А. Роль семьи в развитии художественно-эстетического вкуса и дизайнерских навыков учащихся как глобальный тренд педагогического образования	144
36	Пирматова М.С. Комплексное изучение поэтики художественных произведений на занятиях литературы как глобальный тренд педагогической науки	147
37	Собирова Н.Н. Использование невербальных средств в образовательном процессе	151
38	Селиверстова И.А. Нейродидактика и иноязычно-образовательный процесс	156
39	Сағынғали Б.А. Математиканы оқытуда жобалық жұмыстардың оқушылардың зерттеушілік қүзыреттілігін дамытуға әсері	161
40	Тургунбоев Б.И. Педагогические возможности формирования мира и национальных и международных подходов	165
41	Ходжаев О.Ш. Педагогическая модель, критерии и результаты практических испытаний	168
42	Экстерович А.И. Снижение агрессивных проявлений у подростков посредством привития навыков социально одобряемого поведения	173
43	Kokteubay Z.Zh. Karmenova N.N. Student-centered strategies for enhancing learning outcomes in economic and social geography	177
44	Абишева А.Х. Научно-педагогические предпосылки развития основ исследовательской компетентности учащихся	181
45	Джумагазиева А.К. Формирование экологической ответственности у студентов педагогических колледжей в контексте глобальных трендов педагогического образования и устойчивого развития	186
46	Кемалова Г.Б. Педагогика ғылымы контексіндегі психологиялық иммунитет	191
47	Кусаинова А. Ж. Терминологиялық жүйенің дамуына әлеуметтік факторлардың ықпалы	195
48	Сатыбалдина М.Б., Мусина Г.Б. Жоғары оқу орнындағы шетелдік студенттердің әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу механизмдері	199
49	Уриа Ш. Историко-ретроспективный анализ развития национальной системы образования в республике маврикий	206
50	Alpanova A.M. Integrating mass media into efl teacher education: a pathway to intercultural communicative competence	211
51	Aituganova K. Peer assessment in modeling foreign language writing instruction	215
52	Ваेतова Е.	220

	Development of independent foreign language learning skills among students majoring in psychology and pedagogy	
53	Aubakirova A.A. Interference in efl: error analysis and teaching solutions	225
54	Rufina A. Integrating art therapy methods into teacher education programs: a communicative perspective	230
55	Gaisin A.I. Role of emotional intelligence in the development of stress resistance and mindfulness in pedagogical context	232
56	Bakhytkyzy Sh. Students' emotional intelligence and awareness of emotional intelligence in efl learning	235
57	Glumova A., Makhambetova Zh. Navigating the future: career orientation among 9 th grade students	239
58	Zhanbolat I.N. Self-regulated learning strategies of university students: a qualitative study from Kazakhstan	243
59	Kobeisinova G. Socio-cultural determinants of sexual health literacy within educational environments: empirical evidence	247
60	Kuanysheva S. Academic resilience studies and future research directions	252
61	Kazakhova A.V. Teaching english through gamification: a pedagogical experiment and expected changes in students' academic motivation	256
62	Rakhmetova A.T. Developing students' cultural awareness in the process of teaching english	261
63	Sovet B. Effective methods of teaching a foreign language in the context of a competency-based approach (based on grades 10–11)	266
64	Temirbay M. The role of school mediation in preventing conflicts among participants in the educational process	269
65	Балғабек Е.Ә. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың маңызы	271
66	Бакиева Т.Б. Орта білім беру жағдайында ата-аналардың кәсіби бағдар беру үдерісіне ықпалы: Қазақстан тәжірибесі	276
67	Елубаева Р.С., Тельбаева У.Д., Уйсембаева А.А. Бастауыш сыныпта жекелеген пәндерді интеграцияланған оқытуда STEM технологиясын қолданудың маңыздылығы	279
68	Жалалдин Д.Н., Абдреймова К.А., Калимолдаева А.К. Гибридті оқыту жағдайында оқушылардың білімін бағалаудың жаңа тәсілдері мен құралдары	283
69	Исахова П.А. Современные требования к первоначальной подготовке кабинного экипажа в условиях авиационного образования Республики Казахстан	287

70	Ибадуллаева С.Ж., Кожабергенова А.Т. Жоғары сынып оқушыларының функциональдық сауаттылығын биология пәні негізінде қалыптастыру	292
71	Исабаева Л.У. Об уровне развития критического мышления у старшеклассников и влияющих на него факторах в современных образовательных условиях	295
72	Кыдыр А. Е. Жаратылыстану ғылымдарындағы STEM технологиясының маңызы	300
73	Куатбекова А.М., Джетимов М.А. Химия пәнінде жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде	303
74	Моминова Г.М. К вопросу о применимости понятия академической социализации в школьном образовании	306
75	Мұқашева А.Б. Студенттердің эмоциональдық тұрақтылығын дамытудағы педагогикалық-психологиялық алғышарттар	310
76	Нұрланова А., Рыстыгулова В.Б. Орта мектепте оптика бөлімін оқытуда ойын технологиялары арқылы оқушылардың концептуалды түсінуін қалыптастыру	317
77	Оралбай Ж.С., Рыстыгулова В.Б. Мектеп физика курсында космология элементтерін кіріктіріп оқытудың тиімді әдістері	322
78	Онбаева Н.Ш., Аренова А.Х. Тұлғаның тірек құзырлығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық мәселелері	331
79	Оразалина А.Ж. Болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын дуалды оқыту жағдайында қалыптастыру: халықаралық салыстырмалы талдау	334
80	Сарин Е.Т., Адилова В.Х. Инновационная цифровая модель «Smart-стопа» в системе здоровьесбережения и профилактики функциональных нарушений стоп у юных хоккейных вратарей	338
81	Соснина И.Ю., Махамбетова Ж.Т. Модель психолого-технологической поддержки интеграции иностранных студентов: от адаптации к развитию в глобализирующемся образовательном пространстве	344
82	Тұрсынжан Н.Б. География сабақтарында PISA форматындағы тапсырмаларды құрастыру және орындау әдістемесі	349
83	Тасмуратова М.Н. Импульстің, энергияның және зарядтың сақталу заңдарын оқытуда цифрлық ресурстарын пайдалану жолдары	352
84	Уалиева М.А. Роль преподавателя в снижении цифрового стресса студентов в условиях цифровой образовательной среды	356
85	Эркинқызы Б., Тургунбекқызы А., Жээнбаева Э.К. Использование компьютерных технологий в реализации межпредметных связей в начальных классах	360

86	Amirbay Zh. K. Theoretical aspects of research on artificial intelligence and digital technologies in teacher education	365
87	Гапу Ә.Н. Английский язык как образовательный ресурс в условиях глобальных изменений	371
88	Жаканова Н.М. Білім беру мекемелерін басқарудың педагогикалық және ұйымдастырушылық ерекшеліктері	374
89	Муратова Г.А., Исеноманова А.Е., Кажиева М.Ф. Глобальные тренды педагогического образования и науки	377
90	Тұрлыбай Д.Н. Педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері: бастауыш сынып оқыту саласы	380
91	Укиева М.И. Биология сабақтарында зерттеу жұмыстары арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру	385
92	Гитихмаева Л.М. Развитие компетенций специалистов помогающих профессий в рамках дисциплины «Практикум по soft skills»	390
93	Жорабек А. Химия сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда PISA тапсырмаларының рөлі	394
94	Асылханқызы М. Сыни ойлауды қалыптастыруда кластер тәсілінің рөлі	399
95	Арқабай І.М., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда STEM технологиясын пайдалану әдістемесінің тиімділігі	403
2-секция: Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар		
2-секция: Искусственный интеллект и цифровые технологии в педагогическом образовании		
2-section: Artificial intelligence and digital technologies in pedagogical education		
96	Ying W. Theoretical construction and cultivation paths of physical education teachers' digital literacy from the perspective of embodied cognition	408
97	Khodjiyeva F.O., Mutova M. U. Artificial intelligence and critical thinking in conducting and receiving instruction	412
98	Karakhanova L. M. Increasing parental responsibility in protecting students from internet threats in a globalizing society is a requirement of the time	415
99	Ибрагимова Э. И., Сабиралиева З. М. Интеграция искусственного интеллекта в педагогическое образование: возможности и риски	419
100	Исаева З. Т. Отражение цифровых технологий и социальных медиа в педагогических сегментах	422
101	Верниенко Л.В. Инструменты методического сопровождения профессиональной деятельности педагога в цифровой образовательной среде	427

коммуникация құралы. Ол ғылыми қауымдастық мүшелерін байланыстырып, бірыңғай ғылыми кеңістіктің қалыптасуына ықпал етеді.

Ғылыми және кәсіби лексикада цифрлық құзыреттілік, медиасауаттылық, онлайн-коммуникация, виртуалды тұлғалық сәйкестік, цифрлық педагогика сияқты ұғымдар берік орын алды. Бұл терминдер білім беру мен психологиялық өзара әрекеттестіктің жаңа шындығын көрсетеді, мұнда цифрлық орта жай құрал ғана емес, кәсіби қызметтің ерекше кеңістігіне айналуда.

XXI ғасыр терминологиясы барған сайын ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен байланысты ұғымдарға сүйенеді.

Қорыта келе, білім мен ғылымның цифрландырылуы терминологиялық эволюцияның қуатты факторы болып табылады. Ол қазіргі білім беру үдерісінің тек технологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік және психологиялық қырларын сипаттайтын жаңа ұғымдық шеңберлер мен категорияларды қалыптастырады. Терминология қоғамның, ғылымның және мәдениеттің жағдайын айқындайтын көрсеткіш. Оның дамуы әлеуметтік тәжірибелердің, білім беру идеалдарының және ғылыми тұжырымдамалардың өзгерістерімен тығыз байланысты. Терминдердің пайда болуы мен дамуы тек тілдік заңдылықтарға ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік сұраныстарына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан терминологияның әлеуметтік негіздерін қарастыру тіл мен қоғам арасындағы өзара байланысты түсінудің маңызды жолы болып табылады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Выготский Л.С. Мышление и речь. Изд. 5, испр. - М.: Лабиринт, 1999. -352 с.
2. Давыдов В.В. Образование: воспроизведение и развитие. – М.: АО «Столетие», 1996
3. Wardhaugh, R. An Introduction to Sociolinguistics (6th ed.). Malden, MA: Wiley-Blackwell.- 2010.
4. Тер-Минасова, С. Г. Язык и межкультурная коммуникация: Учеб. пособие. -Москва: 3-е изд., 2008. -352с
5. Реформатский, А.А. Введение в языкознание. - Москва: Аспект Пресс.-1996- 536 с.
6. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). - Москва: Высшая школа, 1990. -253 с
7. Гридина, Т.А. Термин как элемент профессиональной коммуникации. // Филологические науки. Вопросы теории и практики. -№6 (60)-2016, ч. 2. -С. 83-86.
8. Лихачёв Д.С. Концептосфера русского языка.// Известия Российской академии наук. Серия литературы и языка.-1993.-Т. 52, №1.- С. 3–9

ӘӨЖ 378.147

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Сатыбалдина Макпал Балтабаевна

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша докторант,

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

satybaldina.m@amu.kz

Мусина Гульзат Базарбаевна

«Психология» білім беру бағдарламасы бойынша докторант, Ж. Баласағұни

ат.Қырғыз мемлекеттік университеті, Бішкек, Қырғызстан

mussina.g2016@gmail.com

Андатпа: Қазақстанның жоғары білім беру кеңістігінің интернационалдануы шетелдік білім алушылардың академиялық және әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу мәселесін өзекті ғылыми бағыттардың біріне айналдырып отыр. Бұл мақалада қазақстандық жоғары оқу орындарында білім алып жатқан шетелдік студенттердің мәдениетаралық өзара әрекеттесу ерекшеліктері мен бейімделу үдерісінің мазмұндық құрылымы талданады.

Зерттеудің мақсаты – шетелдік студенттердің жаңа тілдік, мәдени және білім беру ортасына кірігуіне ықпал ететін психологиялық, әлеуметтік және институционалдық факторларды жүйелеу, сондай-ақ ерте қолдау тетіктері (early intervention) мен әлеуметтік сүйемелдеудің бейімделу нәтижелеріне әсерін теориялық тұрғыда негіздеу.

Зерттеу аккультурация және мәдениетаралық коммуникация теорияларының қағидаларына сүйене отырып жүргізілді. Әдіснамалық тұрғыдан теориялық талдау, ғылыми еңбектерге салыстырмалы шолу және концептуалдық модель құрастыру тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар Buddy/Mentor форматындағы қолдау бағдарламасының кезеңдік ұйымдастыру механизмі сипатталды. Талдау нәтижелері бейімделу үдерісінің көпқұрамды әрі динамикалық сипатта болатынын көрсетті: психологиялық тұрақтылық пен социомәдени икемделу өзара байланысты компоненттер ретінде айқындалды. Ұсынылған модельде early intervention тәуелсіз айнымалы, әлеуметтік қолдау медиаторлық фактор, ал бейімделудің академиялық және әлеуметтік көрсеткіштері тәуелді айнымалылар ретінде қарастырылды. Зерттеу қорытындылары жоғары оқу орындарында шетелдік студенттерге бағытталған кешенді қолдау жүйелерін жобалаудың ғылыми негізін толықтырады.

Abstract: The internationalization of Kazakhstan's higher education system has shifted the focus of research toward the academic and socio-cultural adaptation of international students. This article examines the unique aspects of intercultural interaction and the structural elements involved in the adaptation process for international students at Kazakhstani universities.

The study aims to organize the psychological, social, and institutional factors that aid in the integration of international students into a new linguistic, cultural, and educational environment. Additionally, it seeks to theoretically support the influence of early intervention mechanisms and social support on adaptation outcomes.

Grounded in acculturation theory and intercultural communication theory, the study employs theoretical analysis, a comparative review of existing literature, and the development of a conceptual model. Furthermore, it outlines the staged implementation of a Buddy/Mentor support program. The findings reveal that the adaptation process is dynamic and composed of multiple components, with psychological stability and sociocultural adjustment identified as interrelated factors. In the proposed model, early intervention serves as an independent variable, social support acts as a mediating factor, and indicators of academic and social adaptation are regarded as dependent variables.

This study enhances the scientific basis for developing comprehensive support systems for international students in higher education institutions.

Түйін сөздер: шетелдік студенттер, әлеуметтік-мәдени бейімделу, жоғарғы оқу орны, интернационалдандыру, мәдениетаралық коммуникация, педагогикалық қолдау.

Keywords: international students, socio-cultural adaptation, higher education institution, internationalization, cultural communication, pedagogical support.

Зерттеу Қазақстан Республикасының білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатында айқындалған басымдықтарға негізделген. 2025 жылға дейінгі жоғары білім беруді интернационалдандыру стратегиясының жол картасында (Қазақстан Республикасы) жоғары білімді интернационалдандыруға, академиялық ұтқырлықты кеңейтуге және білім беру қызметтерінің экспорттық әлеуетін арттыруға ерекше назар аударылған [1].

Осы жағдайларда шетелдік студенттердің қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру ортасына бейімделуі мен кірігуі мәселелері стратегиялық маңызға ие болуда.

ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек атап өткендей, 2025–2029 жылдарға арналған жоғары білімді дамыту басымдықтарына сәйкес, интернационализацияны жоғары білім жүйесінің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырудың стратегиялық тетігі ретінде айқындайды. Министрлік деңгейінде қабылданған бағдарламалық құжаттарда шетелдік студенттер контингентін ұлғайту, академиялық мобильділікті кеңейту және Қазақстанды аймақтық білім хабына айналдыру міндеттері белгіленген. Бұл саясат халықаралық студенттер ағынының өсуіне ықпал етіп, университеттерде көпмәдениетті академиялық ортаның қалыптасуын жеделдетеді. Соның нәтижесінде шетелдік студенттердің әлеуметтік-психологиялық және академиялық бейімделуін, сондай-ақ кросс-мәдени құзыреттіліктің дамуын кешенді зерттеу қажеттілігі артады [2].

Шетелдік студенттердің әлеуметтік-мәдени бейімделуі – бұл олардың жаңа елдің тілдік, мәдени, академиялық және әлеуметтік нормаларына үйренуін, сондай-ақ сол ортада өзін жайлы сезінуін қамтамасыз ететін көпқырлы процесс. Бұл процесс білім беру сапасына, студенттердің академиялық жетістіктеріне және психологиялық әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Сондықтан жоғары оқу орындарында шетелдік студенттердің бейімделуіне арналған

тиімді әдіс-тәсілдерді әзірлеу мен қолдану халықаралық білім беру кеңістігінде ерекше маңызға ие.

Қазіргі эмпирикалық зерттеулер мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті дамыту шетелдік студенттердің табысты бейімделуінің негізгі факторы екендігін дәлелдейді. Оқытушылардың, студенттердің және әлеуметтік желілердің қолдауы мәдени стресстің теріс әсерін төмендетіп, академиялық ортаға табысты интеграциялануға көмектесетіні нақты көрсетілген (Wilczewski, 2022; Al Juboori, 2025) [3,4]. Виртуалды телесеріктестік формалары мен цифрлық білім беру құралдары мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті (ICC) қалыптастыруға ықпал етеді (Gutiérrez-Santiuste, 2023; Zhang, 2025) [5,6], ал институционалдық қолдау мен алмасу бағдарламалары студенттердердің мәдениетаралық сезімталдығы мен оқу үдерісіне тартылуын күшейтеді (Chen, 2023; Rothwell, 2023) [7,8].

Zhou, Y. және әріптестері (2008) шетелдік студенттердің бейімделуін психологиялық және социомәдени компоненттерді қамтитын көпдеңгейлі процесс ретінде қарастырады. Авторлар табысты бейімделудің аккумуляциялық стрессті төмендетуге ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық коммуникативтік дағдыларды дамытуға және әлеуметтік қолдауға да тәуелді екенін атап көрсетеді. Осылайша, бейімделу академиялық ортаға үйрену мен интеграцияланудың динамикалық процесі ретінде түсіндіріледі [9]. Авторлар екі бағытты біріктірудің маңыздылығын атап көрсетеді:

Психологиялық бейімделу	Әлеуметтік - мәдени бейімделу
<i>Эмоционалдық жағдай</i>	<i>Қызмет ету дағдылары</i>
<i>Стресс, мазасыздық</i>	<i>Коммуникативтік құзыреттілік</i>
<i>Қанағаттану деңгейі</i>	<i>Академиялық интеграция</i>

Сурет 1. Интеграциялық модель (Psychological + Sociocultural)

Бейімделу үдерісі тек тілдік тосқауылдармен шектелмейді; ол мәдени айырмашылықтар, әлеуметтік өзара әрекеттесу, академиялық дәстүрлер мен университет саясаты сияқты факторлармен де тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, әрбір жоғары оқу орны өз студенттеріне психологиялық және академиялық қолдау көрсету жүйесін қалыптастырып, мәдени көптірлілікті құрметтейтін инклюзивті орта құруы қажет.

Мәдени бейімделудің теориялық негізін ХХ ғасырдың ортасында қалыптасқан аккумуляция (acculturation) ұғымы құрайды. Аккумуляция әртүрлі мәдени топтардың өзара әрекеттесуі барысында пайда болатын бейімделу процестерін түсіндіреді. Бұл процесс әртүрлі мәдени топтардың өзара байланысы нәтижесінде туындайтын мәдени және психологиялық өзгерістердің екіжақты үдерісі ретінде қарастырылады (Berry, 2005) [10].

Бейімделу үдерісінің табыстылығы көбінесе студенттің алғашқы айларындағы тәжірибесіне байланысты. Осы себепті шетелдік студенттерге ерте кезеңде қолдау **көрсету (early intervention)** ерекше маңызға ие. Ерте кезеңдегі интервенция стратегиялары шетелдік студенттердің бейімделуінің бастапқы кезеңінде әлеуметтік-психологиялық тәуекелдерді азайтып, академиялық табыстылықты арттыруға ықпал етеді. Бұл стратегиялар (Berry, 2005) аккумуляциялық стрессті төмендетуге көмектеседі. Университеттік әлеуметтік қолдау жүйелері, соның ішінде buddy және менторлық бағдарламалар, бейімделудің алғашқы кезеңінде студенттердің әлеуметтік ресурстарын күшейтіп, табысты интеграцияға жағдай жасайды (Arthur, 2017) [11].

Кесте-1

Шетелдік студенттердің бейімделуінің концептуалдық моделі:

Ерте араласу – болжаушы айнымалы, әлеуметтік қолдау – медиатор, ал бейімделу нәтижелері – тәуелді айнымалылар

Құрылымдық элемент	Айнымалы түрі	Мазмұны	Негізгі индикаторлар
--------------------	---------------	---------	----------------------

Early intervention (Ерте араласу)	Тәуелсіз айнымалы (Predictor)	Бейімделудің бастапқы кезеңіндегі қолдау шаралары	Бейімделудің бастапқы кезеңіндегі қолдау шаралары
Social support (Әлеуметтік қолдау)	Медиатор (Mediator)	Университеттік және бейресми қолдау жүйесі	Buddy бағдарламасы, Mentor/Advisor, студенттік клубтар, халықаралық бөлім
Adaptation outcomes (Бейімделу нәтижелері)	Тәуелді айнымалы (Dependent variables)	Студенттің әлеуметтік-психологиялық және академиялық бейімделуі	Психологиялық бейімделу, социомәдени бейімделу, академиялық бейімделу (GPA)
Контекстік факторлар (Moderators)	Модератор айнымалылар	Бейімделу процесіне әсер ететін қосымша факторлар	Тіл деңгейі, мәдени қашықтық, халықаралық тәжірибе, ЖОО инклюзивтілік климаты

Кесте-1-де көрсетілгендей, шетелдік студенттердің жаңа оқу орнына, мәдени ортаға және тілдік ортаға бейімделуінде әлеуметтік қолдау жүйесінің болуы маңызды факторлардың бірі болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, Buddy-бағдарлама, тьюторлық жүйе (ментор/кеңесші) және студенттік қауымдастықтар (студенттік клубтар, қауымдастықтар) - студенттің жаңа ортаға кірігуін жеңілдететін негізгі институттар болып табылады.

Олар студенттің ақпараттық, әлеуметтік және психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Buddy бағдарламасы университетте жергілікті немесе тәжірибелі халықаралық студенттердің жаңа келген студенттермен (**incoming international student**) жұптасуына негізделеді. Бұл жұп (buddy) жаңа студентке алғашқы кезеңдерінде бағыт-бағдар беріп, тұрмыстық, тілдік және әлеуметтік мәселелерде көмек көрсетеді. Buddy/Mentor бағдарламасы шетелдік студенттерді академиялық, тілдік, тұрмыстық және әлеуметтік тұрғыдан қолдап, университеттік ортаға тезірек және тиімді кіріктіруді мақсат ететін ұйымдастырылған сүйемелдеу жүйесі болып табылады. Бағдарламаның негізгі элементтері:

Buddy (жергілікті студент-тірек) - Incoming (жаңа) шетелдік студентке тағайындалатын тәжірибелі немесе жергілікті студент. Buddy-нің басты міндеті — бейресми тұрмыстық және әлеуметтік қолдау көрсету, әлеуметтік желілер арқылы байланыс орнату, сондай-ақ кампус пен қаладағы өмірге бейімдеуге көмектесу.

Mentor / Academic advisor (оқытушы-эдвайзер, куратор) - академиялық және кәсіби бағытта кеңес беретін маман; оқу жоспары, пән таңдау, ғылыми жоба және академиялық талаптарды түсіндіру бойынша жетекшілік етеді..

Buddy / Mentor бағдарламасының тиімділігі оны жүйелі және кезең-кезеңмен ұйымдастыруға тікелей байланысты. Бағдарлама төрт негізгі кезеңнен тұрады: алдын ала дайындық, бейімдеу аптасы (orientation week), тұрақты сүйемелдеу кезеңі және мониторинг пен бағалау кезеңі. Әрбір кезеңнің өзіне тән мақсаты, міндеті мен мазмұны бар.

Алдын ала (**pre-arrival**) кезеңінде университеттің халықаралық бөлімі жаңадан қабылданған шетелдік студенттермен алдын ала байланыс орнатады. Бұл кезеңнің басты мақсаты - студентке жаңа ортаға келмей тұрып ақпараттық қолдау көрсету және оның бейімделу процесін жеңілдету.

Orientation кезеңі, яғни студенттің келгеннен кейінгі алғашқы апта - бейімделудің ең маңызды бөлігі болып саналады. Orientation аптасы - студенттің университет өміріне алғашқы қадамын сенімді бастауына және жаңа ортаға бейімделуінде шешуші рөл атқарады.


Қолдауды тұрақты жүргізу кезеңі (1–3 ай) - бұл бағдарламадағы ең ұзақ әрі мазмұнды кезең. Бұл уақытта Buddy студентпен тұрақты байланыс орнатып, аптасына кем дегенде бір рет бейресми кездесу ұйымдастырады. Кездесулердің мазмұны әртүрлі болуы мүмкін:

әңгімелесу, қалада серуендеу, тілдік жаттығулар, мәдени іс-шараларға қатысу немесе бірлескен оқу уақыты. Бұл кездесулер шетелдік студенттің тілдік және мәдени бейімделуін жеделдетіп, әлеуметтік ортаға еркін араласуына көмектеседі..

Мониторинг және бағалау кезеңі (3–6 ай) бағдарламаның соңғы, бірақ стратегиялық маңызы бар бөлігі болып табылады. Бұл кезеңде халықаралық бөлім бағдарлама тиімділігін талдау мақсатында жүйелі деректер жинайды. Атап айтқанда, студенттер мен buddy арасында өткізілген сауалнамалар мен сұхбаттар негізінде бейімделу деңгейі анықталады. Сонымен қатар, тілдік дағдыларды дамыту көрсеткіштері арнайы тесттер арқылы тексеріледі, ал академиялық прогресс студенттердің GPA (орташа балл) нәтижелерімен салыстырылады. Барлық жиналған ақпараттар талданғаннан кейін, бағдарламаның тиімділігі жөнінде тоқсандық есеп (**quarterly report**) дайындалады. Бұл есеп негізінде бағдарлама құрылымына түзетулер енгізіліп, келесі оқу жылына арналған жаңа әдістемелік ұсыныстар қалыптастырылады..

Бағдарламаның тағы бір артықшылығы - жергілікті және шетелдік студенттер арасындағы әлеуметтік байланыстардың кеңеюі. Мұндай өзара әрекеттестік университет ішінде көпмәдениетті ортаның қалыптасуына, толеранттылық пен мәдениетаралық түсіністіктің нығаюына жол ашады. Нәтижесінде университет студенттері өзге мәдениеттерге ашық, жан-жақты тұлға ретінде дамиды.

Кросс-мәдени қарым-қатынасты дамытуға арналған құрылымдық модель – университетте шетелдік студенттердің мәдениаралық құзыреттілігін жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік беретін ғылыми-әдістемелік концепция. Мұндай модель бірнеше өзара байланысты деңгейлерден немесе блоктардан тұрады. Әр блок студенттің коммуникациялық қабілетіне, мәдени сезімталдығына және әлеуметтік интеграциясына ықпал етеді.



2-сурет. Шетелдік студенттердің мәдениетаралық коммуникациялық құзыреттілігін дамытуға арналған құрылымдық модель.

Кросс-мәдени қарым-қатынасты дамытуға арналған құрылымдық модель – бұл университетте шетелдік студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік беретін ғылыми-әдістемелік концепция. Мұндай модель бірнеше өзара байланысты деңгейлерден немесе блоктардан тұрады. Әр блок студенттің коммуникациялық қабілетіне, мәдени сезімталдығына және әлеуметтік интеграциясына әсер етеді.

Модельдің алғашқы элементі – диагностикалық блок. Бұл кезең студенттің бастапқы деңгейін анықтауға арналған: тілдік білімі, мәдениетаралық тәжірибесі, коммуникативтік дағдылары, тұлғалық ерекшеліктері, мәдениетке ашықтық дәрежесі. Диагностика нәтижелері оқу бағдарламасын дербестендіруге мүмкіндік береді. Мысалы, кейбір студенттерге тілдік қолдау көбірек қажет болса, басқаларына эмоционалды қолдау мен тренингтік топтар тиімді болуы мүмкін.

Екінші элемент – білімдік-танымдық блок. Бұл бөлімде студенттерге мәдени теориялар, коммуникацияның мәдени типтері және мәдени айырмашылықтардың себептері туралы жүйеленген білім беріледі.

Үшінші блок – коммуникативтік-тәжірибелік блок. Мұнда студенттер нақты практикалық дағдыларды меңгереді: рөлдік ойындар, тренингтер, топтық жұмыстар, мәдени симуляциялар және жағдаяттық тапсырмалар. Бұл кезеңде студент вербалды және вербалды емес қарым-қатынас формаларын жаттықтырады. Сөйлеу стилін бейімдеу, эмоцияны дұрыс жеткізу және жанжалсыз қарым-қатынас орнату секілді дағдылар тәжірибеде қалыптасады.

Төртінші блок – әлеуметтік-интеграциялық блок. Ол студенттің нақты ортада кросс-мәдени тәжірибе жинақтауына бағытталған. Университет этномәдени клубтар, аралас топтағы жобалар, волонтерлік бағдарламалар, Buddy-system және мәдени алмасу шараларын ұйымдастырады. Студент нақты өмірде түрлі мәдениет өкілдерімен байланыс орнату арқылы теориялық білімін бекітеді.

Бесінші блок – рефлексивтік-бағалау блогы. Бұл кезеңде студент өз тәжірибесін талдайды, қарым-қатынас әрекеттерінің нәтижесін саралайды, қандай қателіктер жібергенін, ненің тиімді болғанын анықтайды. Рефлексия студенттің өзін-өзі дамытуына ықпал етеді және болашақта тиімді коммуникация орнатуға бағыт береді.

Соңғы блок – қолдау және сүйемелдеу жүйесі. Психологиялық қызмет, тілдік орталықтар, кураторлар, тьюторлар, халықаралық бөлім жұмысы студенттің тұрақты дамуына жағдай жасайды. Қолдау жүйесі болмаса, модель толық жұмыс істемейді.

Осылайша, құрылымдық модель шетелдік студенттің кросс-мәдени құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастыратын көпсатылы жүйе ретінде қарастырылады.

Жоғары білімдегі мәдениетаралық коммуникацияның маңызы:

1. Инклюзияны қамтамасыз ету. Инклюзивті коммуникация әртүрлі мәдени ортадан келген студенттердің өздерін қадірленген және қабылданған сезінуіне көмектеседі. Зерттеулер институционалдық қолдаудың шетелдік студенттердің оқуын жалғастыру деңгейін арттыратынын көрсетеді (Arthur, 2017).

2. Ынтымақтастықты дамыту. Мәдениетаралық коммуникация топтық жобалар мен ғылыми зерттеулердегі өзара әрекеттестікті жақсартады. Мәдени ерекшеліктердің ескерілмеуі академиялық нәтижелерге теріс әсер етуі мүмкін.

3. Жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру. Жаһандық құзыреттілік – жаһандану жағдайында тиімді әрекет ету үшін қажетті дағдылар мен білімдер жиынтығы.

Қорытынды. Жоғары оқу орындарындағы шетелдік студенттердің әлеуметтік-мәдени бейімделуі – қазіргі білім беру кеңістігіндегі ең маңызды және көпқырлы мәселелердің бірі болып табылады. Бұл құбылыс тек оқу процесімен шектелмей, тұлғаның жаңа мәдени ортада өзін табуы, қоғаммен өзара байланыс орнатуы және академиялық әлеуетін толық іске асыруымен тікелей байланысты. Жүргізілген талдаулар мен ғылыми көзқарастар

нәтижесінде бейімделу үдерісінің табысты болуы үш негізгі факторға тәуелді екені анықталды: институционалдық қолдау, мәдени және әлеуметтік орта, және жеке тұлғалық бейімделу қабілеті. Университеттер тарапынан ұйымдастырылатын peer-support, orientation бағдарламалары, және академиялық кеңес беру жүйелері бейімделудің тиімділігін арттырып, шетелдік студенттердің академиялық жетістігі мен эмоционалды әл-ауқатына оң ықпал етеді. Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, шетелдік студенттерге қолайлы мәдени және академиялық орта қалыптастыру – жоғары оқу орындарының халықаралық беделін арттырып, олардың жаһандық білім беру нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Сондықтан Қазақстан университеттері де әлемдік тәжірибені ескере отырып, интеграциялық, мәдени және әлеуметтік бейімделу бағдарламаларын кеңейтуі қажет.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Жоғары білім беруді интернационалдандыру стратегиясының 2025 жылға дейінгі жол картасы (Қазақстан Республикасы)

https://enic-kazakhstan.edu.kz/ru/reference_information/documents?utm_source=chatgpt.com

2. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248 - z35>

3. Wilczewski, M. (2022). *Language and communication in international students' cross-cultural adaptation: A systematic review (1994–2021)* <https://doi.org/10.1007/s10734-022-00888-8>

4. Al Juboori, R., Barker, D., & Kim, Y. J. (2025). Predictors of Academic Adjustment Among International Students in Rural Southern USA. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 22(2), 253. <https://doi.org/10.3390/ijerph22020253>

5. Gutiérrez-Santiuste E, Ritacco-Real M. Intercultural communicative competence in higher education through telecollaboration: typology and development. *Educ Inf Technol (Dordr)*. 2023 Apr 1:1-28. doi: 10.1007/s10639-023-11751-3. Epub ahead of print. PMID: 37361747; PMCID: PMC10067007. DOI: [10.1007/s10639-023-11751-3](https://doi.org/10.1007/s10639-023-11751-3)

6. Zhang, Q. (2025). *Enhancing intercultural competence in technical higher education through AI-driven frameworks*.

7. Rothwell, C. (2023). *Identification of multicultural learning experiences following an early-year international medical student exchange programme between the UK*.

9. Zhou, Y.; Jindal-Snape, D.; Topping, K.; Todman, J. Theoretical models of culture shock and adaptation in international students in higher education. *Stud. High. Educ.* **2008**, *33*, 63–75. [[Google Scholar](#)] [[CrossRef](#)]

10. John W. Berry .*Acculturation: Living successfully in two cultures* *International Journal of Intercultural Relations*, Volume 29, Issue 6, November 2005, Pages 697-712. <https://doi.org/10.1016/j.ijintrel.2005.07.013>

11. Arthur, N. Supporting International Students through Strengthening their Social Resources // *Studies in Higher Education*. – 2017. – Vol. 42, No. 5. – P. 887–894. –

<https://doi.org/10.1080/03075079.2017.12938763>